

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 186-187(9248-9249) | 1953 жылғы 16 сентябрь Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы

СОКП Орталық Комитеті Пленумының 1953 жылғы 7 сентябрьде Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған қаулысы

I.

Коммунистік партияның басшылығымен құрылып, нығайтылған ССРО социалистік ауыл шаруашылығы қуатты индустриялық-техникалық базаға сүйенеді және дүние жүзіндегі ең ірі, механикаландырылған ауыл шаруашылығы болып табылады. Ол ұсақ товарлы шаруа шаруашылығынан, сол сияқты, ірі капиталистік ауылшаруашылық өндірісінен өзінің үздік артықшылығын даусыз дәлелден көрсетті.

Колхоздардың кәзіргі заманғы техникамен қаруланған қоғамдық шаруашылығы үнемі өркендеуде және колхоз құрылысы нығайуда. Колхоздар мен совхоздар ауыл шаруашылығы өнімділігінің едәуір өсуін және оның жоғары товарлығын қамтамасыз етті. Соғыстан кейінгі жылдарда астық өндірісі қалпына келтіріліп, едәуір кеңейтілді, еліміз астықпен қамтамасыз етілді. Мемлекеттің мақта, қант қызылшасын, ет, сүт, жүн және басқа өнімдерді дайындауы ұлғайды. Мемлекеттік дайындаудан тыс біздің ауыл шаруашылығымыз кооператив және колхоз саудасы арқылы көптеген тамақ өнімдерін өткізуде. Колхоздық экономика барлық жағынан өркендеген сайын колхоздардың қоғамдық баялығы өсуде, колхозшылардың ақшадай және заттай табыстары көбеюде.

Бейбіт құрылыс жылдарындағыдай, соғыстың ауыр сандарына кездескен жылдарда да социалистік ауыл шаруашылығы өзінің өмірге бейімді ұлы күшін, өзінің халықты азық-түлікпен, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен барған сайын зор көлемде қамтамасыз ету қабілетін дәлелден көрсетті.

Алайда, ауылшаруашылық өнімдері өндірісінің дәрежесі халықтың тамақ өнімдері, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібінің шикізат жөніндегі өсіп отырған қажеттерін толық қанағаттандырмайды және ауыл шаруашылығының техникамен жабдықтау дәрежесіне, колхоз құрылысындағы мүмкіншіліктерге сай келмейді.

Кәзір, елімізде техника жағынан жетілдірілген қуатты ауыр индустрия жасалып, колхоздар едәуір нығайған кезде, бұл база негізінде ауыл шаруашылығының барлық салаларының шұғыл өрге басуын қамтамасыз етуге және екі—үш жылдың ішінде еліміздің бүкіл халқының азық-түлік товарларымен қамтамасыз етілуін мықтап арттыруға, мұнымен бірге барлық колхозшы шаруалардың әл-ауқатының неғұрлым жоғары дәрежелі болуын қамтамасыз етуге керекті жағдайлардың бәрі бар.

Мұнымен бірге СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ірі социалистік ауыл шаруашылығының атрасан зор мүмкіншіліктері әлі нашар пайдаланылатынын атап көрсетеді. Көптеген колхоздарда және аудандарда дәнді, жармалы дақылдардың, зығырдың, қант қызылшасының, майлы дақылдардың және басқа дақылдардың өнімділігі әлі де төмен болып келеді. Ауыл шаруашылығы өнімділігінің өсуі, мал шаруашылығының күшейтілуі, картоп, өсімдік, салалы зығыр, астық-жем және басқа жемшөптік дақылдардың өндірісі халық шаруашылығының қуаттылығына сай келмейді. Ауыл шаруашылығының бұл және басқа бірқатар маңызды салаларының артта қалуы, халықтың күнбе-күнгі қажеттерін

Мұндай теріс практика ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру күресіне жағдай туғыбайды және алдыңғы қатарлы колхоздарды ынталандырмайды. Мұндай системада, алдыңғы қатарлы колхоздар және жұмысты адал істейтін, ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісін ұлғайтатын колхозшылар ынталандырылмайды және, қоғамдық шаруашылықты нығайтуға ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға нашар қамқорлық жасайтын колхоздар мен колхозшыларға қарағанда қолайсыз жағдайға қойылады.

Мал шаруашылығын өркендетудің, сол сияқты, өсімдікпен картоп өндірісінің артта қалуына ауыл шаруашылығының бұл маңызды салаларын өркендетуге мемлекеттің жеткіліксіз ынталандыруы едәуір себеп болды. Мал шаруашылығының өнімдерін, картопты және өсімдікті дайындауға, сатып алуға бұған дейін қолданылып келген бағалар колхоздар мен колхозшыларды ауыл шаруашылығының бұл салаларын өркендетуге материалдық жағынан ынталандыруға жеткілікті жағдай туғыбады.

Көп колхоздарда колхоз шаруашылығының артельдік формасының аса маңызды принципі — жеке мүдделерді қоғамдық мүдделерге бағындыра отырып, артельде қоғамдық мүдделер мен жеке мүдделерді дұрыс ұштастыру принципі — бұзылды. Устав бойынша, қоғамдық шаруашылық ауылшаруашылық артельдегі басты және шешуші шаруашылық болып табылады. Мұнымен бірге әрбір колхоз үйіне, өзінше қоғамдық шаруашылық есебінен толық қанағаттандыруға мүмкіндігі жоқ тұтыну қажеттерін қанағаттандыру үшін өзінің кішкене көмекші шаруашылығы болуына право беріледі. Бұл принципті бұзу, үй іргесіндегі шаруашылықтан өнім талсырудың арттырылған нормаларын белгілеу, бізде салық саясатында колхозшылардың өзіне тиесілі шаруашылығы жөнінде болып келген кемшіліктер колхозшылардың жеке меншігіндегі сыйырлардың, шошқалардың және қойлардың асауына әкеліп соқты. Мұндай жағдай колхозшылардың мүдделеріне нұқсан келтіріп қана қоймай, оның үстіне, социализмнің бүкіл дәуірі бойына коллективтік шаруашылықтың бірден-бір дұрыс формасы болып табылатын колхоздардың артельдік формасының жаратылысын бұрмалауға бастайды.

Социалистік мемлекет ауыл шаруашылығына берген қуатты техниканың мүлде қанағаттанғысыз пайдаланылуы ауыл шаруашылығының өмірлік маңызы бар бірқатар салаларының мықтап артта қалуының басты-басты себептерінің бірі болып табылады. МТС-тердің едәуір бөлегінде тракторлардың, комбайндардың емеңалық жұмыс өнімі әлі де аз, машиналардың жұмыссыз қарап тұратын уақыты көп, аса маңызды ауылшаруашылық жұмыстарын орындау мерзімдері ұзаққа созылады, мұның өзі сайын келгенде, өнімнің жысырап болуына және кем алынуына әкеліп соғады. Дәнді дақылдарды, қант қызылшасын және мөлтанғы өсіру жұмыстарын механикаландыру дәрежесі жоғары болып отырғанда, мал шаруашылығын дамыту үшін ауыл шаруашылығын өркендетудің бірдей толық қатынаспайды. Колхозшылардың еңбегі барлық жерде бірдей жақсы ұйымдастырылмаған. Қоғамдық дәулетке санасыз, салақ қарау фактілері әлі де аз емес.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы барлық колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету міндеттерін орындау үшін барлық өз күштерін салуға және творчестволық инициативаны өрістетуге шақырады.

Ауыл шаруашылығының бірсыпыра маңызды салаларындағы жағдайды нашар деп танып, Коммунистік партияның Орталық Комитетінің Пленумы, колхоздардың, совхоздардың және аудандардың ауыл шаруашылығының артта қалған салаларына алдыңғы қатарлылар дәрежесіне жеткізуге, есепті,

бүкіл социалистік ауыл шаруашылығының мықтап өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ірі-ірі шараларды жүргізуді қажетті және шұғыл міндет деп есептейді. Міндет мынада: таяудағы екі—үш жылдың ішінде еліміздің халқының азық-түлік өнімдері жөніндегі өсіп отырған қажетін молынан қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен молынан қамтамасыз ету.

II.

Мал шаруашылығын онан әрі өркендету туралы. Колхозшы, жұмысшы және қызметші шаруашылықтары міндетті түрде тапсыратын мал шаруашылығы өнімдері нормаларын кеміту туралы

Колхоздар мен совхоздар соғыс жылдарында мал шаруашылығы ұшыраған ауыр зиянның орнын қысқа мерзімде толтырып, малдың санын едәуір арттырды. 1945 жылғы июльден 1953 жылғы июльге дейін ССРО-да сыйыр малының саны 11,3 миллион, қой мен ешкі — 53,9 миллион, шошқа — 25,1 миллион және жылқы — 6,2 миллион көбейді.

Мал шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстар мал шаруашылығы өнімдерін мемлекет тарапынан дайындаудың көлемін арттыруға мүмкіндік берді: 1952 жылы 3 миллион тонна ет дайындалды, бұл 1940 жылғыдан біржарым есе артық, сүт — 10 миллион тонна, немесе 1940 жылғыдан 1,6 есе дерлік артық, жүн — 182 мың тонна, немесе 1940 жылғыдан 1,5 есе артық дайындалды.

Көптеген совхоздар мен колхоздар мал шаруашылығы өнімін мықтап арттырды. Кострома облысының «Караваев», Омек облысының «Омекский», Москва облысының «П-Горьки», «Лесные Поляны», «Холмогорка» совхоздарында, сол сияқты, басқа да бірқатар совхоздарда соңғы жылдардың ішінде әрбір сыйырдан жылына орта есеппен 5500 килограмнан аса сүт сауылды. 1952 жылы 200-ден аса совхоз әрбір сыйырдан орта есеппен 4000 килограмнан аса сүт сауды. Кострома облысы, Кострома ауданының «12-Октябрь», Москва облысы, Луховиц ауданының Сталин атындағы және Раменский ауданының Молотов атындағы, Архангельск облысы, Холмогор ауданының «Новая жизнь» колхоздары және басқа да көптеген колхоздар 1951—1952 жылдары әрбір сыйырдан орта есеппен 4.000 килограмнан 5.000 килограмна дейін және одан да артық сүт алды.

Алдыңғы қатарлы совхоздар — Ставрополь өлкесіндегі «Советское Руно» және «Большевик», Алтай өлкесіндегі «Рубцовский» Грозный облысындағы «Червленые Буруны» совхоздары, сол сияқты, Ставрополь өлкесі, Степной ауданындағы «Страна Советов», Ипатов ауданындағы «2-я пятилетка» колхоздары, Ростов және Грозный облыстары мен Алтай өлкесінің бірқатар колхоздары әрбір қойдан 6,5—7 килограмнан биязы жүн қырды.

Чернигов облысы, Чернигов ауданындағы «Веселый жовтень», «Новый шлях» колхоздарында, Полтава және Москва облыстарының бірқатар колхоздарында егістік жердің

қамтамасыз етуге, жемшөп дайындауды және фермалардағы еңбекті көп тлейтін жұмыстарды механикаландыру ісін өрістетуге, малды өсіру ісін жақсартуға, төлдің сақталуын қамтамасыз етуге ойдағыдай шаралар қолданбай келді. Ғылымның табыстары мен озат малшылардың тәжірибесі өндіріске жеткіліксіз енгізіліп, одетте олар таңдаулы колхоздар мен совхоздардың ғана игілігі болып келеді.

Колхозшылардың жеке меншігіндегі мал шаруашылығының жағдайы да қанағаттанарлық емес. Көптеген жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары бұл іске назарын едәуір нашарлатып алды, әрбір колхоз үйінің ауылшаруашылық артельнің Уставында белгіленген мөлшерде малы болуына жеткілікті қамқорлық жасамайды, малды жемшөптен және жайылыммен қамтамасыз етуде колхозшыларға көмек көрсетпейді.

Пленум мал шаруашылығын және ең алдымен, қоғамдық мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендетудің еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар және кәзіргі уақытта партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндеті болып табылады деп есептейді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы қаулы етеді:
1. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің, ССРО Совхоздар министрлігінің, партия, совет, ауылшаруашылық органдарының аса маңызды міндеті — мал шаруашылығын өркендетуде тәзгісіз артта қалушылықты жою, жемшөптің берк базасын жасау, мал мен құсты қорғалармен қамтамасыз ету, мал шаруашылығының өнімділігін батыл арттыру, мал санын көбейтудің неғұрлым жоғары қарқынына жету, оның тұқымын жақсарту, таяудағы 2—3 жылдың ішінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді мықтап арттыру деп есептелсін.

2. 1954 жылы бүкіл ауыл шаруашылығы бойынша малдың санын мынадай мөлшерге: сыйырды — 29,2 миллионға дейін, сыйыр малының жалпы санын — 65,9 миллионға дейін, қой мен ешкіні — 144,4 миллионға дейін, шошқаны — 34,5 миллионға дейін жеткізу қажет деп есептелсін.

Сүттің жалпы өнімін арттыру және сыйыр малын төл өсіру есебінен көбейтуді қамтамасыз ету мақсатымен, колхоздарда сыйырдың санын неғұрлым тез көбейту шұғыл міндеті деп есептелсін, есепті таяудағы жылдардың ішінде

әрі өркендеуін кідіртп. Колхоздар мен колхозшылардың табысының өсуіне елеулі кедергі болып отыр.

Әресе, мал шаруашылығын өркендету ісі нашар болып отыр. Көп колхоздарда шаруашылықтың бұл маңызды саласы әлі жоғары товарлы және мол табысты салаға айналған жоқ, малдың күтімі нашар. Соңғы жылдарда мал басының өсуі өте шабан болып келеді, ал, елде сауын сыйырлардың саны осы уақытқа дейін соғыстан бұрынғы дәрежеге жеткен жоқ. Малдың өнімділігі төмен, малдың өлім-жітім шығыны зор; қысыр қалатын төлдейтін мал өте көп. Колхоздарда мал шаруашылығының жемшөп базасының өсуі нашар, жақсы пішен, сүрленген азық, тамыржемісті дақылдар және картоп аз өндіріледі. Малдың қоралармен қамтамасыз етілуі қанағаттанғысыз, фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстар нашар механикаландырылған.

Картоп және омыс өндірісінің елеулі артта қалуы ауыл шаруашылығын өркендетудегі ірі кемшілік болып келеді, мұның өзі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының халқын бұл өнімдермен жабдықтауды жақсарту ісіне бөгет жасайды. Картоп өндірісінің артта қалуы мал шаруашылығын оған әрі өркендету ісіне де бөгет болады.

Совхоздардың жұмысында да едәуір кемшіліктер бар. Олар әлі үлгілі және жоғары дәрежедегі рентабельді социалистік шаруашылыққа айналған жоқ. Көп совхоздарда ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы және мал шаруашылығының өнімділігі төмен, шаруашылықта ұқыпсыздыққа жол беріледі, ақшадай қаржы мен материалдардың өнімсіз жұмсалуды және артық жұмсалуды көп, өнімнің іс жүзіндегі өзіндік құны жоғары. Көп совхоздар жақсы өндірістік құрылыстармен қамтамасыз етілмеген, мал көбінесе қолайсыз, нашар қораларға орналастырылады. Мал шаруашылығын және совхоз өндірісінің басқа бірқатар салаларын механикаландыру мықтан артта қалуда, тұрғын үйлер құрылысы нашар және жеткіліксіз көлемде жүргізіледі.

Бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің дәрежесі жеткіліксіз болуының және ауыл шаруашылығының бірқатар маңызды салаларының көріне артта қалуының себептері неде?

Коммунистік партия, халық шаруашылығының барлық салаларын ойдағыдай өркендетудің қажетті шарты ретінде, ауыр индустрияны мейлінше күшейту бағытын дөйектілікпен жүргізіп, бұл жолда аса ірі табыстарға жетті. Бұл бірінші кезектегі халықшаруашылық міндетін орындауға баса көңіл бөлінді, негізгі күштер мен қаржы осыған жұмсалды. Біздің таңдаулы кадрларымыз елімізді индустрияландыру ісімен шұғылданды. Ауыр индустрияның да, ауыл шаруашылығының да, жеңіл өнеркәсіптің де бір мезгілде күшті қарқынмен өркендеуін қамтамасыз етуге біздің мүмкіншілігіміз болмады. Бұл үшін қажетті алғышарттар жасау керек болды. Көзір бұл алғышарттар жасалды. Біздің қуатты индустриялық базамыз, нығайған колхоздарымыз және шаруашылық құрылысының барлық салаларында даярланған кадрларымыз бар.

Бірақ ауыл шаруашылығының бірқатар маңызды салаларының артта қалуының басқа да себептері бар, жұмысымыздың кемшіліктерінен, ауыл шаруашылығына басшылықтың кемшіліктерінен туатын себептер, яғни өзмізге байланысты себептер бар.

Ең алдымен, ауыл шаруашылығында қызметкерлерді өндірісті көркейтуде, оның табыстылығын арттыруда материалдық жағынан ынталандыру принципін — социалистік шаруашылықты жүргізудің түбірлі принциптерінің біреуінің бұзылуы осындай себептердің қатарына қосылады. Мақта, қант қызылшасы, шай, цитрус дақылдары өндірісінде ойдағыдай қолданылып отырған, материалдық жағынан ынталандырудың бұл принципі ауыл шаруашылығының басқа бірсыпыра маңызды салаларына бейімделіп қолданылмайтын практика көрсетіп отыр.

Партия мен үкімет белгілеген, колхоздардың өнімшілік және мал шаруашылығы өнімдерін міндетті түрде тапсыру мөлшерлерін колхоздарға бекітіп берілген егістік жердің немесе жер көлемінің әрбір гектары бойынша есептеу принципін колхоздарда қоғамдық шаруашылықтың барлық салаларын өркендетуге ынталылық туғызды және өзін толық ақтады. Алайда дайындау практикасында бұл принциптің бұрмалануына жол беріліп жүр: жұмысты жақсы істейтін, ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алатын және мал шаруашылығының өнімділігін мықтан арттырған алдыңғы қатарлы колхоздарға, әдетте, мемлекетке міндетті өнім беру тапсырмасы, жұмысты нашар істейтін, артта қалған колхоздарға қарағанда едәуір зор көлемде белгіленеді.

Әрісі сыяқты, халық шаруашылығы үшін маңызды өнімдерді механикаландырудың артта қалуына жол берілді.

Еліміздің әр түрлі аймақтарының әр алуан түрлі табиғат және шаруашылық жағдайларын есепке ала отырып, ауылшаруашылық дақылдарын өсіру жұмыстарын, комплексті жолмен механикаландыруды қамтамасыз ететін машиналар системасы әлі күнге жасалған жоқ. Жер жырту, тұқым себу, өгін жыйнау жұмыстарын механикаландыру неғұрлым жоғары дәрежеге жеткізілген астық шаруашылығында да, өгін жыйнағаннан кейін қырмандардағы астықты тазалау, мекен мен сабақты жыйнау және майлау, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды енгізу жөніндегі еңбекті көп керек ететін жұмыстардың механикаландырылуы қанағаттанғысыз болып келеді. Жемшөп өндіру саласында, пішен шабуды механикаландыру едәуір өсе тұрса да, оған кейінгі, пішенді майлаудағы аса маңызды жұмыстар механикаландырылған жоқ деуге болады. Ауылшаруашылық машиналарының жаңа түрлерінің конструкцияларын жасау және олардың өндірісін меңгеру, көптеп жасалатын машиналардың конструкцияларын жақсарту және олардың сапасын арттыру жұмыстарының мықтан артта қалуына жол берілді.

Техникалық даярлығы бар кадрларды керек қылатын МТС-тердегі күрделі техника колхоздар тек өгін жұмыстары уақытына бөлетін маусымды қызметкерлерге ғана тапсырылған. МТС-тердің басшы кадрлары кемшілігінің жеткілікті дәрежеде инженерлік-техниктік және агрономдық даярлығы жоқ, олар ірі механикаландырылған ауылшаруашылық өндірісіне жете басшылық жасауды қамтамасыз етпейді.

Партия, совет және ауылшаруашылық органдарының колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға қанағаттанғысыз басшылық етуі, ең алдымен, ауыл шаруашылығындағы кадрларды іріктеп жұмысқа орналастыру және деревняда партиялық-саяси жұмысты жүргізу ісіндегі қанағаттанғысыз басшылығы ауыл шаруашылығының бірқатар салаларының мықтан артта қалуының аса маңызды себебі болып табылады. Көзір заманға техникамен қаруланған ірі социалистік ауылшаруашылық өндірісі тек күнбе-күн жете басшылық жасалғанда ғана ойдағыдай өркендей алады. Колхоздар ірілендірілгеннен кейін көп салалы, күрделі шаруашылықтарға айналды. Көзір заманғы техниканы, советтік агрономия ғылымының табыстарын, ауыл шаруашылығының озаттары мен жаңашылдарының орасан мол тәжірибесін көзір кеңінен қолдануға керекті жағдайлардың бәрі туғызды.

Мұның бәрі әрбір колхозға, совхозға, МТС-ке, ауданға, ауыл шаруашылығының әрбір саласына және бүкіл ауылшаруашылық өндірісіне шамамен басшылық жасауды талап етеді. Бұдан колхоздарды, МТС-терді, совхоздарды, аудандарды білімді басшы қызметкерлер, агрономдар, инженер-механизаторлар, зоотехниктер, экономистер және ауыл шаруашылығының басқа мамандары кадрларының басқару қажеттігі туады. Бұл аса маңызды шартсыз ірі социалистік ауылшаруашылық өндірісі оған әрі ілгері баса алмайды.

Солай бола тұрса да, ауылшаруашылық органдарының системасында жұмыс істейтін 350 мың жоғары және орта дәрежелі білімі бар мамандардан колхоздарда 18,5 мың, МТС-терде 50 мың маман жұмыс істейді. 94 мың колхоз председателдерінен небәрі 2,4 мың адамда жоғары дәрежелі білім, 14,2 мың адамда орта дәрежелі арнаулы білім бар. МТС директорларының, МТС-тердің бас инженерлерінің және бас агрономдарының басым көпшілігінде жоғары дәрежелі білім жоқ. Агрономдардың, инженерлердің, зоотехниктердің, дәрігерлік қызметкерлердің және басқа мамандардың негізгі кемшілігі әртүрлі мекемелерде жұмыста қалады, ал, МТС-тер, колхоздар және совхоздар маман ауылшаруашылық кадрлары жағынан қатты ташылық көріп отырады.

СОКН Орталық Комитетінің Пленумы мұнымен бірге: бірсыпыра министрліктер, әсіресе ССРО ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі, ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі, орталық тұтынушылар одағы, жергілікті және кооператив өнеркәсібі колхоздарды, МТС-терді және совхоздарды ағаш материалдарымен, кірпішпен, әкпен және төбе жабатын материалдармен жабдықтау ісінде ауыл шаруашылығына өте жеткіліксіз көмектеседі, мұның өзі колхоздарда және совхоздарда мал қораларын, басқа өндірістік үйлерді салуға, сол сыяқты, МТС-тердегі құрылысқа бөгет жасайды деп есептейді.

Ақыр-аяғында, колхоздардың өздеріне, колхоздардың председателдеріне және басқармаларына, колхозшыларға байланысты себептерді көрсету қажет. Көп артельдерде еңбек тәртібі әлі де нашар, колхоз өндірісіне колхозшылардың бәрі

тобылған шотқа өті алынбай отыр.

СОКН Орталық Комитетінің Пленумы мұнымен бірге қоғамдық мал басының көзір өсуі және оның өнімнің дәрежесі мүлде жеткіліксіз екенін атап көрсетеді. Еліміздегі сыйыр саны соғысқа дейінгі мөлшерінен 3,5 миллион кем, ал 1928 жылдан салыстырғанда 8,9 миллион азайды. 1952 жылдың өзінде ғана бүкіл елде сыйыр малының жалпы саны 2,2 миллион, ал сыйыр саны — 550 мың азайды. Сонымен бірге елде жылқы санының революцияға дейінгі дәуірмен салыстырғанда 60 процент және соғысқа дейінгі, 1940 жылмен салыстырғанда 27 процент азайғанын ескеру керек. Шаруашылықты дұрыс жүргізе білгенде жылқы санының азамы өнімді малдың санын едәуір мөлшерде арттыруға мүмкіндік берген болар еді. Бірақ олай болмай шықты. Мал санын көбейтуді мемлекеттік жоспарлары жылдан жылға орындалмай келеді. Мал күтімінің нашарлығы салдарынан мал шаруашылығының өнімділігі мүлде төмен болып келеді. Мұның үстіне соңғы уақытта колхоздарда сүт сауудың, жүн қырқудың және мал шаруашылығының басқа да бірқатар сала көрсеткіштерінің кемігендігі орын алып отыр. Колхоздар малдың өлім-жітімге ұшырауынан жыл сайын үлкен зиян шегін, төлдейтін малдың қысыр қалуы салдарынан төлді едәуір мөлшерде кем алып жүр. Колхоздардың жергілікті советтер мен ауылшаруашылық органдардың көптеген басшылары фермаларда қоғамдық мал басын өсіру жұмысын ұйымдастыру орнына колхозшылардан әлі де жаппай мал сатып алып келеді.

Соңғы жылдары мал шаруашылығын өркендетуде әсіресе Қазақ ССР, Қырғыз ССР, Калинин, Калуга, Кострома, Новгород, Вологда, Смоленск, Киров, Новосибир және Воронеж облыстарының колхоздары мен совхоздарында ірі кемшіліктер болды.

Мал шаруашылығы соғыстан алдындағы жылдарда да жеткіліксіз өркендеді, сондықтан халықтың ет және сүт өнімдері жөніндегі, ал жеңіл өнеркәсіптің — шикізаттың аса маңызды түрлері жөніндегі қажеттерін толық қанағаттандыра алмады. Көзіргі уақытта, халық шаруашылығы жаңа, бұрынғыдан да жоғары сатыға көтеріліп, халықтың малшаруашылық өнімдері жөніндегі қажеті өлшеусіз өсіп отырғанда, мал шаруашылығының ұзақ уақыт артта қалуы еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын оған әрі жақсарту, жеңіл және тамақ өнеркәсібін өркендету жолындағы елеулі кедергіге айналып отыр.

Мал шаруашылығын өркендетудегі қолайсыз жағдай ең алдымен жемшөп өндірудің және дайындаудың артта қалуынан болып отыр. Көптеген колхоздарда шөп егісі нашар өркендетілген, табиғи шабындықтар мен екіле шөптердің шығымдылығы өте төмен, жемшөптік тамыржемістер, жемшөптік бақша дақылдарын, сол сыяқты, сүрлеу үшін егілетін жүгері мен күнбағыс өндіру ісі ботымен жіберілген. Мал азығына арналған картоп өте аз өндіріледі. Жемшөп дақылдары шығымдылығының төмен болуы, сонымен қатар шөп шабудың және әсіресе шөпті шемелдетудің, сабақты жыйнап, майлаудың нашар механикаландырылуы салдарынан жай жемшөп дайындау жоспарлары жылдан жылға орындалмай келеді. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстардың, ең алдымен сумен жабдықтаудың және жемшөп өсірлеудің әлі күнге жеткіліксіз механикаландырылуы фермаларда еңбек өнімділігін арттыруға елеулі кедергі болып отыр. Мал фермаларында қолмен атқарылатын аз өнімді еңбек бұрынғысынан басым болып отыр.

Далада құрғақшылық аудандарда малды сумен жабдықтау ісінің жайы қанағаттанғысыз, мұның өзі мал санын көбейтін, оның өнімділігін арттыруға кедергі болып келеді.

Көптеген колхоздарда мал қораларын салу жоспарлары орындалмайды, соның салдарынан мал қысқы уақытта өте қолайсыз қораларға тығыз орналастырылады.

Мал шаруашылығының артта қалуының елеулі себептерінің бірі ауыл шаруашылығының аса маңызды саласын өркендетуге колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынтасының жеткіліксіздігі болып отыр. Көптеген колхоздар мал шаруашылығы өнімдерінің едәуір бөлегін осы уақытқа дейін міндетті тапсырма есебінде мемлекетке өткізіп келді, ал еттің, сүттің, майдың жұмыртқаның көзіргі дайындау бағалары колхоздар мен колхозшылардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге қажетті ынтасын тудырмады.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, көптеген жергілікті совет және ауылшаруашылық органдары бірнеше жылдар бойы мал шаруашылығын өркендетудегі кемшіліктерге төзіп, жемшөп өндіруді іс жүзінде арттыруға, барлық малды қоралармен

сыйыр малы фермаларында сыйыр санының үлес елеміне қала төңірегіндегі аудандардың колхоздарында кемінде 60 процентке дейін, басқа аудандардың колхоздарында — кемінде — 50 процентке дейін, ал Қазақстанның, Орта Азияның, Закавказьенің, Солтүстік Кавказдың, Астрахань, Чкалов, Чита облыстарының, Бурят-монгол АССР-інің және Тува автономиялық облысының далалық, шөлейт және таулы аудандарының колхоздарында кемінде 40 процентке дейін көбейтілсін. Сыйырдың санын көбейту жоспары орындалған күнде ғана сыйыр малының санын көбейту жоспары орындалды деп есептелетін тәртіп белгілесін.

Құс шаруашылығын оған әрі өркендету мақсатымен колхоздарда 1954—1955 жылдары, аймақтардың ерекшеліктеріне еске ала отырып, дәнді дақылдар егістерінің әрбір 100 гектарына кемінде 100—200 мекен-тауығы бар құс фермалары болуы қажет деп есептелсін. Далалық аудандардың колхоздарында күрке тауықтың саны барынша көбейтілсін, ал шағынды жаншыландыру мен сулары бар колхоздарда, тауықтан басқа, қаз, үйрек те өсірілсін. Колхоздардың су бөгеттерінде балық өсіру ісі барынша өркендетілсін.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен ССРО Совхоздар министрлігіне — облыстар, өлкелер және республикалар үшін, ал республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне және аудандық атқару комитеттеріне — аудандар мен колхоздар үшін өз жоспарларында мал санын көбейту және оның өнімділігін арттыру жөнінде тапсырмалар белгілеу міндеттелсін. Тапсырмалар белгілегенде жеке аудандардың, колхоздар мен совхоздардың малдың бір түлігін өркендетуге қолайлы және басқа түлігін өркендетуге қолайсыз экономикалық және табиғат жағдайлары барлық жағынан еске алынсын.

3. Мемлекетке малшаруашылық өнімдерін міндетті түрде тапсырудың партия мен үкімет белгілеген гектарлық принципін бұздырмастан жүзеге асырылып отырсын. Мал шаруашылығын өркендету жөнінде алдыңғы қатарлы колхоздарға көтеріңкі тапсырмалар беру сыяқты, зиянды практикаға жол берілмесін. Бір ауданның шеңберінде өнім тапсырудың гектарлық белгілі бір нормасы міндетті түрде қолданылатын болып белгіленсін.

4. Мал шаруашылығын өркендетуді жоспарлау және тапсырмалардың орындалуын әрбір жылдың 1 январына есепке алу тәртібі, теріс болғандықтан, бұзылсын. Бұл тәртіп тұрғанда колхоздар жоспардың орындалғаны туралы есеп беру үшін мемлекетке тапсыруға, сатуға және етке пайдалануға арналған өнімсіз және браққа шығарылған қыруар малды 1 январьға дейін сақтап, азықтандыруға мәжбүр болады. Мал шаруашылығы жөніндегі тапсырмаларды жоспарлау және оның орындалуын есепке алу әрбір жылдың 1 октябріне, жемшөп дайындау, мал қораларын жөндеп, мал қысқатуға әзірлік жұмыстары аяқталған кезде мал жақсы семіріп, ет тапсыру жоспарын семіз малмен орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік туатын кезде жүргізілетін болып белгіленсін.

5. СОКН Орталық Комитетінің Пленумы колхоздар мен колхозшылардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге материалдық жағынан ынталандыруды көздеп, мал шаруашылығы өнімдерінің дайындау және сатып алу бағаларын арттыру туралы, мемлекет тарапынан етті, сүтті және жұмыртқаны сатып алудың 1953 жылдың екінші жартысына арналған жоспары мен шарттары туралы ССРО Министрлер Советі мен СОКН Орталық Комитетінің қабылдаған қаулыларына, сонымен қатар ССРО Министрлер Советі мен СОКН Орталық Комитеті колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің шаруашылықтары мемлекетке міндетті түрде тапсыратын мал шаруашылығы өнімдерінің нормаларын кеміткенін колхозшыларға, жұмысшылар мен қызметшілерге көнінен түсіндіруді партия және совет органдарына міндеттейді.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарына мал шаруашылығы өнімдерін міндетті түрде тапсырудың және мемлекет тарапынан сатып алудың 1953 жылға белгіленген жоспарларын сөзсіз орындау шараларын қолдану міндеттелсін.

6. Колхозшылардың жалпы жыйналыстарының ұйғаруы бойынша, мал сатудан және мал шаруашылығының өнімдерін сатудан түсетін ақша қаражатының шамамен 25 процентін колхозшыларға аванс ретінде беру колхоздарға ұсы-

ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы

(Жалғасы)

нысын. Жоғарыда көрсетілген ақшалай аванс колхозшыларға қоғамдық шаруашылықта өткен тоқсанда тапқан барлық еңбеккүндерге әрбір тоқсан сайын 15 процентке дейінгі мөлшерде және оның үстіне мал шаруашылығы мен жемшөп дайындауда тапқан еңбеккүндерге 10 процентке дейінгі мөлшерде беріліп отырсын, колхозшының мал шаруашылығы мен жемшөп дайындауда тапқан еңбеккүндеріне алатын ақшалай авансы ақшалай табысты біржолата бөлген кезде кемітпейтін болып белгіленсін.

Төл өсіру, ересек малды сақтау және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларды асыра орындағаны үшін қосымша ақы төлеудің көзінгі системасы бұлжымастай жүзеге асырылып, қосымша ақының мезгілінде берілуі қамтамасыз етілсін.

7. Пленум былай деп есептейді: жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары қоғамдық мал шаруашылығын барынша өркендетумен қатар, колхоз үйінің жеке меншігінде белгілі мөлшерде өнімді малдың болуы шаруалардың материалдық әл-ауқатын арттырудың және елде мал шаруашылығы өнімдерін дайындау көлемін молайтудың маңызды шарты болып табылатынын, демек, мұның колхозшыларға да, сондай-ақ мемлекетке де тиімді екенін еске аса отырып, колхозшылардың жеке меншігіндегі малы жөніндегі мүдделеріне нұқсан келтіру сияқты зиянды практикалық ақырына дейін жоюға тиіс. Колхозшылардың жеке меншігіне мал сатып алу мүмкіндігін жеңілдету үшін 1953 жылғы 15 июндегі есеп мәліметтері бойынша жеке меншігінде малы жоқ колхозшылардың шаруашылықтары 1953 жылдың екінші жартысында ет тапсырудан босатылсын және 1954 жылы ет тапсыруға қатыстырылмасын.

Колхозшы, жұмысшы және қызметші шаруашылықтары мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке міндетті түрде тапсыру жөнінде 1953 жылғы 1 январьға дейін өткен жылдардан қалған барлық бересілерінен құтқарылсын. Колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің жеке меншігіндегі малын сақтауына, сонымен қатар малы жоғарыда мал сатып алу мүмкіндігін жеңілдетуге көмектесу үшін мемлекеттің осы шараны қолданып отырғаны оларға түсіндірілсін.

8. Егер партия, совет және ауылшаруашылық органдары, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлері әрбір колхоз бен совхозда жемшөптің берік базасын жасауды нындап қолға алмаса, мал шаруашылығын ілгері бастыруға болмайды. Көптеген аудандар мен колхоздарда жемшөп базасының бетімен жіберілуі мүлде төзгісіз халге жетті.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, жергілікті совет және ауылшаруашылық органдарына, МТС-тер мен совхоздардың басшыларына жемшөп базасының бетімен жіберіледінін ең қысқа мерзімде жою және қоғамдық малды жақсы пішенмен, жай жемшөппен, тамыртүйнек семіздермен, сүрленетін шөппен, жасыл жемшөппен, дөңді азықпен және басқа құнарлы азықтармен толық қамтамасыз ету міндеттелсін.

Көпжылдық және біржылдық шөптердің, сүрленетін жүгері мен құбағыстың, жемшөптік тамыржемістердің, жемшөптік бақша дақылдарының егіс көлемі ұлғайтылып, шығындылығы мықтап арттырылсын. Бұл үшін жемшөптік дақылдарды өсірудің агротехикасын жақсартуға батыл шаралар қолдану қажет. Қаратопырақты және қаратопырақты емес өңірдегі орталық облыстарда, Белоруссия мен Прибалтика республикаларының аудандарында, Уралдың, Сибирьдің, Қыбыр Шығыс және оңтүстік аудандарында және Қазақстанның солтүстік аудандарында сүрленетін жүгері шаралары қолданылсын. Әрбір колхоз бен совхозда сыйыр бақылы көлемінде 5—6 тонна шөп сүрлеу қажет деп есептелсін. Әрбір колхоз бен совхозда жемшөп сүрлеудің белгіленген жоспарын толық қамтамасыз ететін көлемде жемшөп сүрлейтін құрылыстар салынсын. Картоптың малазықтық сипаты жоғары болғандықтан мал азығы мақсаттарына картоп өндіру, ең алдымен қаратопырақты емес өңірдің, Уралдың, Орталық-қара топырақты облыстардың және Батыс Сибирьдің аудандарында өсіріліп ұлғайтылсын.

Колхоздар мен совхоздарда жайылымды өріске бөліп пай-

процентке дейін және дайындалған, майланған сабанын 10 процентке дейін авансқа берілсін. Колхозшылардың мал бағуына жайылымдар беру және дайындалған жемшөпті табу үшін транспортпен көмектесіп отыру колхоздарға ұсынылсын.

10. Көптеген МТС-тердің колхоз мал шаруашылығын өркендету ісіне неқұрайлы қарауы жойылсын. Колхоздарда шөп шабу, шөпті жыйнап, шөмелелеу жұмыстарын механикаландыру дәрежесі 1954 жылы 65 процентке және шөпті маялау — 50 процентке жеткізілсін, ал 1955 жылы шөп шабу, жыйнау және шөмелелеу — 80 процентке, шөпті маялау — 65 процентке, шөп сүрлеу тиісінше 65 процентке және 75 процентке, сүрленетін дақылдар мен жемшөптік тамыржемістер егу — 75 процентке және 95 процентке, комбайнмен жыйналған егістің сабанын маялау — 1954 жылы 50 процентке және 1955 жылы — 70 процентке жеткізілсін.

Өртүрлі системалы пішен машиналарын, тырнауыштар, сүбіреткілер, шөмеле ақтарығыштар, шөкелегіштер, сүрленетін шөптер шабатын комбайндар, жүгері жыйнайтын машиналар, экскаваторлар, арбықазғыштар, шымдандырғыш машиналар, бульдозерлер, грейдерлер, бұта қырыққыштар, батшақ қопарғыштар, скреперлер, суды жоғары кетеруді механикаландыратын насостар, су тартатын ағаш және металл бактар, шойын, асбест-цемент, темір-бетон және газ трубалары, мал суаратын автоматтар, аспалы қоллар, өртүрлі еште малы электр двигательдерін өндіруді ұлғайтып, ауыл шаруашылығына жеткізілсін.

Машина жасау министрлігіне жемшөп дайындауды, шабындық пен жайылымды құрғатып, негізінен жақсартуды, жайылымды суландыруды комплексі түрде механикаландыру үшін, сонымен қатар мал фермаларындағы еңбекті көп тәсілді жұмыстарды механикаландыру үшін қажетті жаңа машиналар мен құрал-саймандардың конструкциясын жасау жұмысын күшейту міндеттелсін.

11. 1954 жылы колхоздарда мынадай мөлшерде мал қораларын салу қамтамасыз етілсін: 4,2 миллион сыйыр малына, 16,3 миллион қойға, 2,5 миллион пішпақа, 27 миллион құсқа аулалар мен қоралар салып, 30 миллион балапан үшін үйлер жасалсын.

ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті колхоздарға сату үшін қажетті мөлшерде шифер, ағаш және басқа құрылыс материалдарын бөлуді белгілесін.

Колхоздарға сату үшін жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындарында кіріш, черешпа, әк өндіру ұлғайтылсын. Шаруашылыққа қолайлы болған күнде кірішті, черешпаны және әкті өздерінің күн-құралдарымен жасау колхоздарға ұсынылсын.

ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі колхоздар мен совхоздардың мұқтаждары үшін жергілікті жерде ағаш дайындау ісін зерттеп, оны жақсарту жөнінде 3 айлық мерзімнің ішінде ССРО Министрлер Советіне ұсыныс тапсыратын болсын.

12. Совхоздарда мал шаруашылығын өсіріп өркендету, оның өнімділігін арттыру, өнімнің өнімділігін күннен күнге және мемлекетке ет, сүт, жүн, тері тағы басқа өнімдер тапсыруды молайту мақсатымен жақсы шөпті, құнарлы жемшөпті жеткілікті мөлшерде және өзінде өндіретін құнарлы мал азығын өсіріп дәрежеде өндіруді қамтамасыз ету қажет. Жайлы қоралар салу әсі батыл жақсартылып, барлық мал сондай қоралармен қамтамасыз етілсін. Таяудағы 2—3 жыл ішінде совхоз өндірісінің барлық салалары комплексі механикаландыру жүзеге асырылсын. 1954—1955 жылдары совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілері үшін қажетті мөлшерде тұрғын үйлер, мектептер және басқа да мәдени-тұрмыс орындары салынсын. ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті жылдық жоспарларда қажетті мөлшерде қаржы, материалдар мен жабдықтар бөлуді белгілесін.

13. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы жергілікті партия органдарының назарын мал шаруашылығын өркендетуге басшылықты батыл күшейту қажеттігіне аударады. Ко-

рында картоп 44 мың гектар, оғаш дақылдары 20 мың гектар жерге егілсін.

2. Картоптың және оғаш дақылдарының шығындылығының тапсырмасы 1954 жылға гектарына көлемде мынадай мөлшерде белгіленсін:

а) колхоздарда — картоп 140 центнер, капуста — 175 центнер, қыяр — 110 центнер, помидор — 135 центнер, сабақты піياز — 85 центнер, сабіз — 120 центнер, ас қызылшасы — 130 центнер;

б) совхоздарда картоп — 140 центнер, капуста — 210 центнер, қыяр — 115 центнер, помидор — 165 центнер, сабақты піياز — 100 центнер, сабіз — 135 центнер және ас қызылшасы — 155 центнер.

3. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, жергілікті совет және ауылшаруашылық органдарына, колхоздарға, совхоздарға және МТС-терге, әсіресе, ерекше қолайлы жағдайы бар, ССРО-ның Европалық бөлегінің орталық аудандарында картоп өндірісін өсіріп ұлғайту міндет етілсін. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, жергілікті совет және ауылшаруашылық органдары ССРО-ның Европалық бөлегінің орталық аудандарында картоптың шығындылығын арттыру шараларының жүйесін жүзеге асырып, ең алдымен мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

а) картопты шаршы-ұялап отырғызу әдісін кеңінен енгізу және картоп егісін баптау, картопты жыйнау жұмыстарын барынша толық механикаландыру;

б) картоп егісін жақсы жерлерге, оның ішінде өзендердің алқаптарына орналастыру;

в) суармалы жерлерде картоп егісінің көлемін кеңейту;

г) тыңайтқыштарды, әсіресе, көңді қолдануды өсіріп ұлғайту.

4. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі алдына, республикалардың, облыстардың және облыстардың совет, ауылшаруашылық органдары алдына 1954—1955 жылдарда колхоздар мен совхоздарда картопты және оғашты өсіру, жыйнау жөніндегі негізгі жұмыстарды механикаландырудың мынадай дәрежеге: 1954 жылы картопты отырғызу, қатараралығын баптау және жыйнау жұмыстарын механикаландыру колхоздарда 40—65 процентке, совхоздарда 80—90 процентке жеткізілуін қамтамасыз ету міндеті қойылсын. 1955 жылы картопты отырғызу, қатар аралығын баптау және жыйнау жұмыстарын механикаландыру дәрежесі 80—90 процентке, совхоздарда 95 процентке жеткізілсін.

1954 жылы колхоздарда оғаш егу 50 процент, көшет отырғызу 35 процент, оғаштың қатараралығын баптау 70 процент механикаландырылсын. Совхоздарда бұл жұмыстарды механикаландыру дәрежесі 80—85 процентке жеткізілсін. 1955 жылы колхоздарда оғаш егуді механикаландыру дәрежесі 80—90 процентке, көшет отырғызуды механикаландыру 70—80 процентке, оғаш дақылдарының қатараралығын баптауды механикаландыру 80—90 процентке жеткізілсін. 1955 жылы совхоздарда оғаш өсірудің барлық жұмыстарын механикаландыру дәрежесінің 95 процентке жеткізілуі қамтамасыз етілсін.

5. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, жергілікті совет және ауылшаруашылық органдарына, МТС-тер мен совхоздардың директорларына картопты отырғызудың, оғаш дақылдарының егудің және отырғызудың шаршы-ұялық әдісінің кеңінен енгізілуін қамтамасыз етіп, бұл дақылдарды екі бағытта баптауды механикаландыруға мүмкіншілік туғызу міндет етілсін. 1954 жылы колхоздар мен совхоздарда картоптың, помидордың және капустаның жалпы алғанда, шаршы-ұялық және шаршылық әдіспен отырғызуы қамтамасыз етілсін. 1954 жылы картопты бүкіл жер көлемінде машинамен отырғызуға картоп отырғызыштар әлі жеткіліксіз болғандықтан өскеріліп, картопты шаршы-ұялап отырғызуға, плугтер, культиваторлар және басқа саймандар кеңінен пайдаланылсын.

6. Оғаш дақылдарының көшетін шығаруға шірінді құмыраларда өсіру өндіріске кеңінен енгізілсін, өйткені, бұл әдіс оғаштың өнімін әдекейде арттырып, оның шөгуді ерте пісініп қамтамасыз етеді. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, жергілікті совет және ауылшаруашылық органдарына, колхоздар мен совхоздардың басшыларына 1953 жылдың екінші жартысында ет тапсырудан босатылсын және 1954 жылы ет тапсыруға қатыстырылсын.

ішінде ССРО Министрлер Советінің бекітуіне тапсыру міндеттелсін. Жаңа нормаларды белгілегенде, картоп және оғаш өсіруге бірдей дерлік жағдайлары бар аудандар бойынша нормалардың мөлшерінде үлкен ауытқушылық болуына жол берілмесін, ал қалалар мен өнеркәсіп орталықтарына жақын аудандар бойынша, өнімді міндетті түрде тапсыру нормалары басқа аудандардың нормаларынан тек бір аз жоғары болуға тиіс.

10. Қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының төңірегінде оғаш өндірісін неғұрлым тез ұлғайту мақсатымен республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік және облыстық атқару комитеттеріне, Москва облысының үлгісі бойынша оғаш дақылдарын суалма жерлерге, ойпат участоктерге және құрғатылып шығарып жерлерге шөгудің егудің, оғаш дақылдарын өсіруді механикаландырудың және мұның өзінде оғаш өндірісін ұлғайтудың нақтылы шараларын белгілеу міндет етілсін.

11. Картоп және оғаш өндірісін ұлғайту ісінде совхоздарға зор маңыз беріліп, ССРО Совхоздар министрлігіне 1953—1954 жылдарда қосымша 154 совхозды және ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігіне 7 совхозды оғаш және картоп өндіруге шығару міндет етілсін.

12. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттеріне және облыстық атқару комитеттеріне халық шаруашылығының 1953 жылға арналған жоспарында белгіленген, колхоздар мен совхоздарда парниктер және теплицалар салу тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Колхоздар мен совхоздарда 1954 жылы 9.197 мың дана парник рамасы және 514,5 мың шаршы метр теплица, 1955 жылы 11.896 мың дана парник рамасы және 745,4 мың шаршы метр теплица орнатылсын. Колхоздар мен совхоздарда 1954 жылы 2.789 мың дана парник рамасы және 252 мың шаршы метр теплица, 1955 жылы 2858 мың дана парник рамасы және 362 мың шаршы метр теплица салынсын.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары ең таяу уақыттың ішінде барлық МТС-терді тұрақты жұмысшылармен қамтамасыз етіп, тракторшылардың, трактор бригадаларының басқа да тұрақты жұмысшыларын бүкіл жыл бойында дұрыс пайдалануды ұйымдастыруға міндеттелсін. Осы мақсатпен тракторшылардың, комбайншылардың, машинистердің және басқа тұрақты жұмысшылардың мамандықтарын қоса орындау ісі кеңінен қолданылсын. Ауылшаруашылық жұмыстарынан бөсе уақытта трактор бригадаларының тұрақты жұмысшылары жөндеу мастерскойларындағы, мал фермаларын механикаландыру жөніндегі монтаж бригадаларындағы, құрылыстағы және басқа істердегі жұмыстарға пайдаланылсын.

3. Трактор бригадалары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және ынғаландырудың кәзіргі қолданылып жүрген системасына қосымша мыналарды істеу керек деп саналсын:

а) машина-трактор станцияларының территориялық аймағына қарай трактор бригадаларының жұмысшыларына беретін ақшалай ақысы мына мөлшерде белгіленсін: тракторшыларға, трактор бригадаларының бригадирлеріне және олардың жәрдемшілеріне еңбеккүнге 5 сомнан 8 сомға дейін; есеп алушы-май құюшыларға еңбеккүнге 3 сомнан 4 сомға дейін; комбайншы жәрдемшілеріне еңбеккүнге 4 сомнан 6 сомға дейін; тіркеушілерге еңбеккүнге 2 сом 50 тыйынан;

б) машина-трактор станциялары және арнаулы станциялар трактор бригадалары жұмысшыларының істеген еңбеккүндеріне оларға кәзіргі заттай кешіккі мнимумды іс жүзінде жыйналған өнімге қарай беретін болып белгіленсін, ал қолхоздар трактор бригадаларының жұмысшыларына кешіккі минимумы бойынша тиісті азық-түлік астығын дайындау органдарына тапсыратын болсын;

в) трактор бригадаларының тұрақты жұмысшыларының жөндеу мастерскойларында, малшаруашылық фермаларын механикаландыру жөнінде және басқа істеген жұмыстары үшін еңбекке ақыны машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі бекіткен ақы мөлшері мен сдельный баға мөлшері бойынша төлеп отыруға тиіс;

г) машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардың трактор бригадаларының тракторшыларына және басқа тұрақты қызметкерлеріне, егер олардың қолхоздарда үй іргесіндегі учасіктері жоқ болса, үй іргесіндегі учасіктер бөлігін берілісін.

4. Маман механизатор кадрлар даярлауды жақсарту мақсатымен өнеркәсіптің колөнері училищелерінде қолданылатын механизатор кадрларды оқыту системасына көшу керек деп саналсын, осыған байланысты кәзіргі механикация мектептері мынадай мамандығы бар кадрлар даярлайтын ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелері болып құрылсын:

а) дизель тракторларында, комбайндарда және күрделі ауылшаруашылық машиналарында жұмыс істейтін слесарьлық мамандығы бар, оқу мерзімі бір жылдық, көп мамандықтағы тракторшы-машинистер даярлайтын училище;

б) пынжыр табан, дөңгелекті тракторларда және ауылшаруашылық машиналарда жұмыс істейтін слесарьлық мамандығы бар, оқу мерзімі 6 айлық тракторшылар даярлайтын училище;

в) өзі жүретін және тіркелетін комбайндарда, сол сыяқты мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі слесарьлық-монтаж жұмыстарында істейтін, оқу мерзімі 6 айлық механика-комбайншылар даярлайтын училище;

Колөнері училищелерінің оқушылары үшін белгіленген

рылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі және металлургия өнеркәсіп министрлігі МТС-терге арналып бөлінген құрылыс материалдарын бірінші кезекте жөнелтіп отыруға міндеттелсін.

8. МТС-тердің жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне тиісті тұрмыс жағдайларын жасау мақсатымен мынаны істеу керек деп саналсын:

а) 1954—1956 жылдары 10.800 тұрғын үй, 3.000 жатақхана салынып, пайдалануға тапсырылсын;

б) МТС-терде жеке пәтер үй салуды кеңінен күшейтуді қамтамасыз ету үшін 1954—1956 жылдары бұл мақсаттарға арнап жыл сайын 450 миллион сомнан қарыз ақша беріліп отырылсын және бұл қарыз МТС жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне, үшінші жылдан бастап етеу шартымен, 10 жыл мерзімге 12 мың сомға дейінгі қарыз түрінде беріліп отыратын болсын;

в) халық шаруашылығы жоспарларында МТС-терге екі пәтерлі және бір пәтерлі құрама үйлер және МТС қызметкерлерінің жеке пәтер үй салуына көмектесу үшін құрылыс материалдары бөлінуі көзделсін;

г) қолхоздарға 1954—1955 жылдардың ішінде егіс, қостарында жатақханалар, машиналарды сақтау үшін және техникалық жағынан күту үшін керекті жинақтар, далалық кучинялар және тұрақты мұнай қоймаларын салу ұсынылсын.

9. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының запас бөлшектерін өндірудің едәуір арға қалып отырғандығы көшірісіз деп саналсын, өйткені бұл —тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының дер кезінде және сапалы жөндеуіне өкеліп соқтырады. Машина жасау министрлігі мен Транспорт және ауыр машина жасау министрлігі запас бөлшектер өндірісін кеңейтуге, сол сыяқты ауыл шаруашылығын запас бөлшектермен үздіксіз және толық комплектімен қамтамасыз етуге тиісті кеңіл бөлмей отыр.

Машина жасау министрлігі, Транспорт және ауыр машина жасау министрлігі тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының запас бөлшектері өндірісін едәуір ұлғайтуға, сапасын жақсартуға, өзіндік құнын арзандатуға міндеттелсін, сөйтіп запас бөлшектердің тапшылығын жоюын болсын және бекітілген нормаларға сәйкес, бөлшектердің бүкіл тізімі бойынша, тұтынушылардағы және өткізу қонторларындағы белгіленген ауыспалы қалдықтардың қамтамасыз етілуін есепке ала отырып, ауыл шаруашылығын запас бөлшектермен жабдықтап отыратын болсын.

1954—1955 жылдарда әрбір МТС-те трактор бригадаларының техникалық жағын қамту мұқтаждарына арнап тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының агрегаттары мен узелдарының ауыстыру қоры жасалуы керек, сол сыяқты, тракторларды, автотракторларды және двигателдерді бұл машиналардың барлық санының 10 проценті мөлшерінде күрделі жөндеу жұмысын жүргізу үшін жөндеу заводтарында және аудандарлық күрделі жөндеу мастерскойларында агрегаттар мен узелдардың ауыстыру қорының жасалуы керек деп саналсын.

10. Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын онан әрі нығайту ісінде МТС-терді, қолхоздар мен совхоздарды электрлендірудің зор маңызы бар. Ауыл шаруашылығын электрлендіру жөніндегі жұмыстардың кеңейтілуі кәзіргі селолық электр станциялардың электр қуатын жақсырақ пайдалану, МТС-терді, қолхоздар мен совхоздарды өнеркәсіп электр системаларына қосу есебінен, сол сыяқты электр станциялары мен электр торларын салуға құрылыс және өнеркәсіп министрліктері мен мекемелерін қатыстыра отырып, жаңа селолық электростанциялар, жел күшімен жүретін қуат беру орындарын салу жолымен жүзеге асырылып отыруға тиіс. Электр қуаты ең алдымен МТС-терде, қолхоздар мен совхоздарда өндірістік мақсаттарға қолданылуға тиіс.

11. МТС-тердің жұмыстары үшін заттай ақы өндіріп алудың кәзіргі системасы осы күнді жағдайларда мол өнім алу жолындағы күресте озыт қолхоздарды ынғаландырмайтын еске алынып, 1954 жылдан бастап МТС-тердің қолхоздарда атқаратын жұмыстарының түрлеріне қарай олардың жұмысы үшін заттай ақы төлеудің аймақтар бойынша сараланғал берік ақы төлеу мөлшеріне көшу қолайлы деп саналсын, мұнда мол өнім алғандық үшін ынғаландырушы сыйлық ақы төлеу қолданылсын.

ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы

(Соны).

12. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен ССРО Совхоздар министрлігі машиналар мен тракторлардың пайдаланылуын жақсарту, бұларды күту ісін жақсарту, машиналармен және тракторлармен атқарылатын жұмыс көлемін ұлғайту мәселелеріне ерекше көңіл бөліп отыруға міндеттелсін, ауыл шаруашылығында еңбек ұйымдастырылуы өсіп отырған өндіріс техникасына сай келіп, машиналар

мен тракторларда еңбек өнімділігін арттыруға қызметкерлерді бірталаңдыратын болуы үшін жұмыс нормаларын дүркін-дүркін қайта қарап отыратын болсын.

13. ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен ССРО Машина жасау министрлігі жана машиналарға заказдар берудің және оларды сынаудың көзiргi тәртiбiн қайта қарап, жаңа ауылшаруашылық машиналарының өндiрiске енгiзiлуiн тездетуге мiндеттелсiн.

VI.

Ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту туралы

1. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ауыл шаруашылығы саласындағы үлкен және күрделі жаңа міндеттерді орындау ісін ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің, ССРО Совхоздар министрлігінің, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының тарапынан колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылықтың мықтап жақсартылуын керек етеді деп санайды.

Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін деревняда саяси және ұйымдастырушылық жұмыстың дәрежесін көтеру керек, коммунистердің, комсомолдердің, барлық колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің творчестволық бекенділігін арттыру керек, социалистік ауыл шаруашылығының барлық күші мен құралын жұмылдыру керек, әрбір колхоздағы, МТС-тегі, совхоздағы, әрбір аудандағы істердің жайы үшін біздің кадрларымыздың жауаптылығын күшейту керек.

2. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы былай деп есептейді: қазіргі жағдайларда, колхоздардың ірі, көп салалы шаруашылықтарға айналған, ал машина-трактор станциялары қазіргі заманның техникасымен жабдықталып, ауыл шаруашылық өндірісінде шешуші күш болып отырған кезде, колхоздар мен МТС-тердің шаруашылыққа шебер басшылық ете алатын және ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ете алатын маман кадрлармен онан әрі нығайту міндетін аса зор маңызы бар.

Одақтас республика компартияларының Орталық Комитеттері, өлкелік комитеттер мен облыстық комитеттер 1953 жылы өнеркәсіптен, халық шаруашылығының басқа да салаларынан инженер-механиктерді іріктеп алып, оларды машина-трактор станциялары мен арнаулы станцияларда директор, бас инженер, жөндеу мастерскойларының меңгерушілері етіп жұмысқа жөнелтуге міндеттелсін, бұл арада әрбір МТС-те бұл қызмет орындарында, ереже ретінде, жоғары білімі бар мамандардың болуы ескерілісін. Арнаулы білімі жоқ, бірақ өз ісін практикада жақсы үйреніп білген және МТС-ке шебер басшылық ететін МТС директорларын қызмет орындарында қалдырып, олардың өз мамандығын арттыруына көмектесу керек.

Партия ұйымдары МТС-терден өнеркәсіп орындарына, құрылыстарға, басқа ұйымдарға жұмысқа кеткен тракторшылардың және басқа механизматор кадрлардың арасында түсінік жұмысын жүргізуге тиіс және көзiр тракторшылар МТС-тердiң штатында болып, кеңiлдiк берiлетiн мол ақы алып отыратын кезде, бұрынғы көп механизматорлардың машина-трактор станцияларына жұмысқа ықласпен баратындығына еске ала отырып, оларды машина-трактор станцияларына қайтып келуге шақырулары тиіс.

Халық шаруашылығының басқа салаларынан МТС-терде жұмыс істеуге жөнелтілетін инженер және техник-механиктерді, сонымен қатар МТС-терде бұрын жұмыс істеген және машина-трактор станцияларына қайтып баруға тілек білдірген тракторшылар мен басқа да механизматорларды тиісті кәсіпорындар, кеңесер, министрліктер мен мекемелер жұмыстан тоқтатуына босататын болсын.

3. ССРО Мәдениет министрлігі 1954—1955 жылдары ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне МТС-терде жұмыс істеу үшін 6500 инженер-механик жіберуге, соның ішінде 1954 жылы ауыл шаруашылығын механикаландыру институттарын және басқа техникалық жоғары оқу орындарын бітіріп шығатын жас мамандардың есебі-

дың орындалуын бақылау; ауылшаруашылық насихатын күшейту және ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми мекемелерге басшылық ету, сонымен қатар ғылымның табыстарын және алдыңғы қатарлы тәжірибені өндіріске енгізу; машина-трактор станцияларына және ауылшаруашылық өндірісін механикаландыруды онан әрі күшейту ісіне басшылық ету; ауыл шаруашылығын материалдық-техникалық жағынан жабдықтау және қаржыландырып отыру; ауылшаруашылық өнімдерін дайындауға басшылық ету; кадрларды іріктеп алу, орналастыру, даярау және ауылшаруашылық артелі Уставының орындалуын бақылау;

в) РСФСР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне РСФСР территориясындағы барлық ауыл шаруашылығы салаларына, колхоздар мен машина-трактор станцияларына басшылық ету жүктелсін, сөйтіп РСФСР Министрлер Советі мен РСФСР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі Россия Федерациясында ауыл шаруашылығының негізгі салаларының жүргізілуі үшін іс жүзінде жауап көтермей келген, қалыптасып кеткен теріс жағдай жойылатын болсын.

7. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ауылшаруашылық насихаты және ғылым мен алдыңғы қатарлы тәжірибенің өндіріске енгізілуі ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің тарапынан, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының тарапынан ауыл шаруашылығына басшылық етудің үздіксіз бір бөлегіне әлі айнымай отырғандығын атап көрсетеді. Алдыңғы қатарлы колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, ауыл шаруашылығы жаңашылдарының жаңа тәсілдері мен жұмыс әдістерінің өндіріске енгізілуі өте-өте баю және бағыл-емес, ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын, мал шаруашылығының өнімділігін көтеруге, машина-трактор паркінің жұмыс өнімділігін арттыруға пайдаланылуы нашар.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, одақтас республика компартияларының Орталық Комитеттері, СОКП өлкелік комитеттері мен облыстық комитеттері, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері мыналарды істеуге міндеттелсін:

а) ауыл шаруашылығы насихатын және ғылым мен алдыңғы қатарлы тәжірибенің табыстарын өндіріске енгізу ісін жете бағалауға тыйым салынсын, алдыңғы қатарлы тәжірибенің үздіксіз қолдануды ауыл шаруашылығына басшылық етудің үздіксіз бөлегіне айналдыру қамтамасыз етілсін;

б) ұшжылдық агро-зоотехникалық курстардың жұмысы мықтап жақсартылсын, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын оқытудағы формализм жойылсын, курстардың оқушыларына алдыңғы қатарлы жұмыс әдістерін қолдануда практикалық дағдылар үйретілсін, сөйтіп колхоздар мен совхоздардың өндірістік жұмысының жақсартылуы қамтамасыз етілсін;

в) ауыл шаруашылығы мамандарының, трактор және егіс бригадаларының бригадирлерінің, егіншілік пен мал шаруашылығы қызметкерлерінің ірі шаруашылықты жүргізу жөніндегі жаңа, прогресшіл агротехникалық және зоотехникалық тәсілдер мен әдістерді үйрену жөніндегі семинарлары үздіксіз өткізіліп отыратын болсын.

8. ССРО Мәдениет министрлігі, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі жергілікті партия және совет органдары ауылшаруашылық ғылымының және алдыңғы қатарлы практиканың табыстары мәселелері жөніндегі кеңінірек есебін, ауылшаруашылық ету

нің өзінде экономикалық жағынан шығатын көптеген колхоздар бар, бұлар ақшалай және заттай үлкен табыстар тауып отырады, мемлекет алдындағы міндеттемелерді ойдағыдай орындайды және колхозшылардың еңбеккүндеріне азық-түлік пен ақшаның мол берілуін жыл сайын қамтамасыз етіп отырады. Ауыл шаруашылығын дамыту жөнінде Партия мен Үкмет белгілеген бірқатар ірі шаралардың жүзеге асырылуы колхоздардың ақшалай табыстарының онан әрі мықтап өсуін қамтамасыз етеді. Осы жағдайларда колхоздардың, өз қоғамдық шаруашылықтары өсуіне қарай, өз табыстарының бір бөлегін балалар бақшаларын, яслилер және әйелдер босанатын үйлер салу үшін пайдалануға, сөйтіп колхозшы әйелдердің

колхоз өндірісінде жұмыс істеуінде, қоғамдық тұрмысқа неғұрлым белсене қатысуы үшін қолайлы жағдайлар жасауына толық мүмкіндіктері бар. Экономикалық жағынан нығайған колхоздардың клубтар және басқа мәдени-ағарту орындарын салуға керекті қаражат болуға де мүмкіндіктері бар және қаражат болуға тиіс.

Мұнымен қатар колхоздарға колхозшылардың үйлері мен қора-қопсылары жөндеуі мен салуына, үй іргесінде ету үшін жеміс ағаштарының өкпе материалдарын сатып алуына, отын жеткізуіне, колхозшылардың өз басының басқа да мұқтаждарын өтеуіне көмек көрсетіп отыруды ұсыну керек.

VII.

Селодағы партиялық-саяси жұмыс туралы

Ауыл шаруашылығының онан әрі өрлеуі өздігінен бола береді деп ойлау қате болар еді. Ауыл шаруашылығын өркендету үшін жасалып жатқан материалдық жағдайлар мен мүмкіндіктер партия ұйымдарының жұмысын жақсартпайынша өзінен өзі тиісті нәтиже бермейді. Осы мүмкіндіктер мен жағдайларды пайдалану үшін партия ұйымдары колхозшылар, МТС-тер мен совхоз жұмысшылары қалың бұқарасын бастап, оларды ауыл шаруашылығын мықтап өркендету жолындағы күреске аттандырып отырулары тиіс.

Сонымен, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі міндеттерді ойдағыдай орындау партия ұйымдарының бұқара арасындағы ұйымдастырушылық және саяси жұмысты барынша күшейтулерін керек етеді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы селодағы партия ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар екенін атап көрсетеді. Көп колхоздарда бұқаралық-саяси жұмыс төмен дәрежеде жүргізіледі, еңбекшілерге саяси тәрбие беру ісіне қажетті көңіл бөлінбейді. Көп колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда мәдени-тұрмыс жағынан даму ісінің жолға қойылуы нашар.

Аудандық партия және совет органдары жұмысының мазмұны мен әдістері колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылықты жақсарту талаптарына көбінесе сай келмейді. Жергілікті партия және совет органдарында қызметкерлер саны көп бола тұрса да аудандардың басшы қызметкерлерінің колхоздар мен МТС-тердегі істің жайы үшін тиісті жауаптылығы белгіленбеген. Колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылық ету ісі, ең алдымен, ауылшаруашылық мамандардың өткізу жөнінде жергілікті орындарға көп реттерде ауыл шаруашылығын білмейтін өкілдер жіберу арқылы жүзеге асырылады, мұның өзі шаруашылық басшыларының тапсырылған іс үшін жауаптылығын кемітеді.

Аудандық партия комитеттері колхоз, МТС және совхоз партия ұйымдарының жұмысына көңілді аз аударады, көп реттерде, оларды бетімен жіберген, ауыл шаруашылығына басшылық етуде оларға сүйеніп отырмайды, осының салдарынан көп партия ұйымдары колхоздардағы, совхоздар мен МТС-тердегі істің жайына керекті ықпал көрсетпейді; колхоз активін, МТС және совхоз қызметкерлерін нашар ұйымдастырады.

Жергілікті партия органдары ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы күреске деревнядағы комсомол сияқты үлкен күшті жете бағаламайды, жеткілікті пайдаланбайды. Комсомол ұйымдарының және село жастарының егіншілік пен қоғамдық мал шаруашылығы мәдениетін арттыру міндеттерін орындауға қатыстырылуы нашар.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ауыл шаруашылығына басшылық етудегі кемшіліктер мен қателердің себебі көбінесе мынадан деп есептейді: көп облыстық комитеттердің, өлкелік комитеттердің және одақтас республикалар компартиясы Орталық Комитеттерінің аудандарға басшылық етуі қанағаттанғысыз, жергілікті орындарға істің жайын білуі нашар, артта қалған аудандар мен колхоздарға іскерлік жәрдем көрсетпейді, машина-трактор станцияларына басшылық етуден бойын аулақ салып, МТС-тердің жұмысы үшін күлді жауаптылықты бүкілтай аялағын ұйымдарға арта салған.

неғұрлым нақты басшылық жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

Селолық аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерін ауыл шаруашылығы жақсы білетін, колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылық етуді дұрыс және істі біле отырып жүзеге асыра алатын тәжірибелі кадрлармен нығайтудың шаралары істелсін. Облыстық, өлкелік және республикалық ұйымдардан таңдаулы қызметкерлер іріктеп алынып, аудандардың партия және совет басшылығын нығайтуға жіберілсін.

3. Селолық аудандық партия комитеттерінің қазіргі құрылымы МТС-тер мен колхоздарға басшылықты жақсарту талаптарына сай келмейді деп танылып, қазіргі кезеңде аудандық партия аппараттарының жұмысын қайта құру керек деп есептелсін; қайта құрғанда колхоздар мен МТС-терге басшылық етудегі өсіріліс пен жауапсыздықты жоюын болып, аудандық комитетте, әрбір МТС-ке аудандық партия комитетінің секретары бастаған бір топ қызметкерлер болатын етіп қайта құру керек, бұл қызметкерлер тобы МТС-те және МТС қамтытын колхоздарда партиялық-саяси жұмыс жүргізіліп отыруға тиіс. Бұл топтардың бірінші жұмысына жалпы басшылықты аудандық комитеттің бірінші секретары жүзеге асырып отырады. МТС-те директордың саяси бөлім жөніндегі орынбасары болуы қолайлы деп танылсын.

4. Одақтас республика компартияларының Орталық Комитеттерінің, партияның өлкелік комитеттерінің, облыстық комитеттерінің, аудандық комитеттерінің аса маңызды міндеттері бірі— колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың партия ұйымдарын нығайту, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуде олардың ролін күшейту деп есептелсін. Өндірістің шешуші участоктерінде коммунистер мен комсомолдердің дұрыс орналастырылуын қамтамасыз ету керек; колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың партия ұйымдары секретарларының құрамы даярлығы және тәжірибесі бар партия қызметкерлері есебінен нығайтылсын.

5. Облыстық комитеттер, өлкелік комитеттер, одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттері және БЛККО Орталық Комитеті ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жолындағы күреске комсомол ұйымдарының ролін арттыруға, село жастарының социалистік жарысқа қатыстырылуын қамтамасыз етуге, жастардың инициативасы мен бағалы бастамаларын барынша дамытып, қолдан отыруға міндеттелсін. Комсомол ұйымдары социалистік жарыстың, алдыңғы қатарлы еңбек әдістерін, ауылшаруашылық ғылымы мен практикасының оң жаңа табыстарын өндіріске енгізудің бастаушылары болуға тиіс; колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың жұмысындағы кемшіліктерді жоюға байланысты мәселелерді партия ұйымдарының алдына қоюда көбірек инициатива көрсетіп отыруға тиіс.

6. Колхоз және совхоз өндірісінде әйелдердің зор роль атқаратындығы атап көрсетіліп, аудандық комитеттер, облыстық комитеттер, өлкелік комитеттер, одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттері колхозшы әйелдердің, МТС және совхоз жұмысын әйелдерінің арасында бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмысын күшейтуге, әйелдерді колхоз құрылысына және егін шығымдылығын арттыру, мал шаруашылығын өркендету жолында белсене күресуге кең қатыстырып,

4. ССОП Орталық Комитетінің Пленумы колхоздарды агрономиялық және зоотехникалық жағынан қамтудың кәсіргі тәртібі, бұл тәртіп бойынша ауыл шаруашылығының бір маманы бірнеше колхоздарды қамтуы ауыл шаруашылығының алдында тұрған көтеріңкі міндеттерге сай келмейтіндігін атап көрсетеді. Мұндай жағдайда агрономдар, зоотехниктер, ауыл шаруашылығының басқа да мамандары, көп реттерде, колхоз өндірісінің ұйымдастырушылары бола алмай, агрономиялық, зоотехникалық шараларды, ғылымның және алдыңғы қатарлы тәжірибенің табыстарын колхоздарға жүзеге асыру жөніндегі тікелей жұмыс жүргізуден қол үзген.

Колхоздарға агрономиялық және зоотехникалық жәрдемді күшейту мақсатымен уақыттық агрономдар мен зоотехниктердің орына колхоздарға тұрақты жұмыс істеу үшін МТС-терде агрономдар мен зоотехниктер болуы керек деп танылсын, сөйтіп әрбір колхозды машина-трактор станцияларының штатында тұрған бір—екі ауылшаруашылық маманы әрдайым қамтып отыратын болсын. Өте-өте ірі колхоздарды қамту үшін МТС-тердің штаттарында бригадала және фермаға бір-бірден маман ұстауға жол берісін.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері ауыл шаруашылығы министрліктері мен олардың жергілікті органдарының қайта құрылуы, машина-трактор станцияларында уақыттық агрономдардың және аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармаларында уақыттық зоотехниктер мен агрономдардың қысқартылуы, басқа мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін мамандар санының кемітілуі нәтижесінде босатылатын жоғары және орта білімі бар агрономдар мен зоотехниктер есебінен, сонымен қабат, ауылшаруашылық жоғары оқу орындары мен техникумдарды бітіріп шығатын жас мамандар есебінен, колхоздарды қамту үшін 1954 жылдың көктеміне дейін МТС-терге 100 мың агроном мен зоотехник жіберуіне міндеттелсін.

5. Облыстардың, өлкелердің, республикалардың партия, совет және ауылшаруашылық органдары колхоздарға басшы кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу ісін жете бағаламаушылыққа тыйым салуға міндеттелсін және колхоз председателдігі жұмысына саяси және іскерлік жағынан сыналған, жоғары және орта ауылшаруашылық білімі бар мамандарды, сол сыяқты басқа мамандарды және басшылық ету, ұйымдастыру жұмысы жөнінен үлкен тәжірибесі бар, ірі колхоз шаруашылығына басшылық етуді қамтамасыз ететін, ауылшаруашылығын білетін практиктерді іріктеп алып, жоғарылату жолымен, колхоз председателдері құрамының нығайтылуын қамтамасыз ететін болсын.

6. Ауыл шаруашылығы органдарының тарапынан МТС-тер мен колхоздарға басшылық етудің қалыптасқан практикасы кәсіргі уақыттағы өскелең талаптарға және ауыл шаруашылығында болған өзгерістерге сай келмейтіндігін атап көрсетілсін. ССОП Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдары өз жұмысында көбінесе колхоздар мен МТС-терден қол үзген, ауыл шаруашылығын дамытудың көп мәселелерін шешкенде формальды қарауға жол береді, бірсыпыра маңызды салалардың нашар күйде болу себептерін талдамайды және артта қалған аудандар мен колхоздарға дер кезінде керекті жәрдем көрсетіп отырмайды.

Ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту үшін, ауыл шаруашылығы органдарының аппаратында жұмыс істейтін мүмкін болғанынша, көп мамандардың босатылуы есебінен колхоздар мен МТС-терді кадрлармен нығайту үшін ССОП Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен жергілікті ауыл шаруашылығы органдарының жұмысын қайта құру керек деп саналсын. Осы мақсаттан мыналар істелсін:

а) ССОП Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің басқару аппараты және оның жергілікті органдарының штаттары едәуір қысқартылсын, сөйтіп аппараттан босатылатын мамандар МТС-тер мен колхоздарға жұмысқа жіберіліп және ауыл шаруашылығы органдарының ауылшаруашылық өндірісіне басшылық ету жөніндегі күнбе-күнгі, ұйымдастырушылық жұмысының жақсартылуы қамтамасыз етілсін;

б) ССОП Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің жұмысы мына мәселелер төңірегінде жыйнақталсын: ауыл шаруашылығының негізгі салаларын дамытуды жоспарлау және ауыл шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік жоспар-

лары мен курстарына арналған оқулықтар мен көркей құралдарды басшы шығару ісін жақсартуға, сонымен қатар алдыңғы қатарлы колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің және ауыл шаруашылығы жанашырларының табыстары туралы көп суретті плакаттар, арнаулы листовкалар шығару ісін ұйымдастыруға міндеттелсін.

9. ССОП Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССОП Совхоздар министрлігі, Саяси және ғылыми білімдер тарататын Бүкілодақтық қоғам колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде ауыл шаруашылығы жөніндегі лекциялық насихатты жақсартуға, бұл жұмысқа ғалымдарды, мамандарды және ауыл шаруашылығының озаттарын қатыстырып отыруға міндеттелсін.

10. ССОП Мәдениет министрлігі мыналарды істеуге міндеттелсін:

а) ССОП Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен ССОП Совхоздар министрлігінің жоспарлары мен заказдары бойынша жоғары сапалы, көбінесе өртүсті, оқулық және ғылыми түсінікті ауылшаруашылық кинофильмдерін керекті мөлшерде шығарып отыруды ұйымдастыратын болсын, тікелей колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда оқулық және ғылыми түсінікті фильмдерді көпшілікке көрсетуді ұйымдастырудың керекті шаралары істелсін;

б) ауыл шаруашылығында ғылымның және алдыңғы қатарлы тәжірибенің табыстарын радио арқылы насихаттау ісі мықтап жақсартылсын.

11. ССОП Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, ССОП Совхоздар министрлігі және ССОП Мәдениет министрлігі ауыл шаруашылығы озаттарының, ғалымдары мен мамандарының сөйлеген сөздерін пленкаға жазып алуды ұйымдастыруға, жазып алынған лекциялар мен әңгімелерді колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде және агро-зоотехникалық оқу үйірмелерінде тыңдау үшін магнитофондарды кеңінен пайдаланып отыруға міндеттелсін.

12. Социалистік ауыл шаруашылығының табыстарын кеңінен насихаттау үшін 1954 жылы Москвада тұрақты жұмыс істейтін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі ашылсын; Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға право алу үшін колхозшылардың, колхозшы әйелдердің, барлық ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың, аудандардың, облыстардың, тәжірибе станцияларының және ғылыми-зерттеу институттарының жарысы өрістетілсін. Сол сыяқты аудандарда, облыстарда, өлкелер мен республикаларда жылма-жыл ауыл шаруашылығы көрмелерін өткізу практикасы қолданылсын.

13. ССОП Орталық Комитетінің Пленумы ауыл шаруашылығы ғылымы, белгілі табыстарға жеткендігіне қарамастан, колхоз және совхоз өндірісінің тілектерінен өлі де болса артта қалып келе жатқанын атап көрсетеді. Көп ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе станциялары өз жұмысында практикадан қол үзген, лабораториялар мен тәжірибе егістерінің тар шеңберіне түйықталған, ғылым практикаға жаңалық әкелумен, жаңа ұсыныстармен толықтырмай отыр және егіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін көтеруде колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарға аз көмектесіп келеді.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия және совет органдары ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысындағы кемшіліктерді жоюға, ғылымның колхоз және совхоз өндірісі тілектерінен артта қалуын тыюға, ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өртетуде ғылыми мекемелердің колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға практикалық көмек көрсетудегі ролін күшейтуге міндеттелсін. Ғалымдар күші ауылшаруашылық ғылымның онан әрі дамытуға бағытталсын, сөйтіп ауылшаруашылық ғылымның ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кадрларын еңбек өнімділігін арттырудың және ауылшаруашылық өнімі өндірісін ұлғайтудың жаңа білімдерімен, жаңа әдістермен қаруландырып отыратын болсын.

14. ССОП Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, жергілікті партия және совет органдары ауылшаруашылық артеді Уставының қатаң сақталуын үдіксіз бақылап отыруға, қоғамдық жерді және колхоз дәулетін талап-тарапқа салу фактілеріне жол бермеуге, колхоздарда іс жүргізудегі пессидікті жоюдың шараларын істен отыруға, еңбек ұйымдастыру ісін жақсартылып, еңбек тәртібін нығайтуға, барлық колхозшылардың қоғамдық өндіріске бөлсене қатысуын қамтамасыз етіп отыруға міндеттелсін.

15. Кәсіргі уақытта елдің барлық аудандарында осы күн-

Саяси партиялық ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмысты жақсарту мақсатымен ССОП Орталық Комитетінің Пленумы қаулы етеді:

1. Облыстық комитеттер, өлкелік комитеттер және одақтар республикалар компартияларының Орталық Комитеттері деген атауға бұқаралық-саяси жұмысқа басшылықтарын мықтап күшейтіп, осы қаулының барлық колхозшыларға, МТС және совхоз жұмысшыларына түсіндірілуін қамтамасыз етуі міндеттелсін. Социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі дамыту, колхоздардың қоғамдық шаруашылықтарын нығайту және барлық жағынан өркендету, жалпы және тарапты өнімді молайту, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың мемлекеттік жоспарларын дер кезінде орындау, колхоздардың ақпалай және заттай табыстарын молайту, колхозшылардың материалдық-әл-ауқатын жақсарту міндеттерін орындау жолында социалистік жарыс кеңінен өрістетілсін. Өздерінің бүкіл жұмысында партия ұйымдары колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың қатары күннен күнге өсіп, көбеюші алдыңғы қатарлы адамдарына, егіншілік пен мал шаруашылығының шеберлеріне сүйенулері керек.

Орталық және жергілікті газеттер социалистік жарыстың барысын, колхоз құрылысының алдыңғы қатарлы тәжірибесін, партия және совет органдарының ауыл шаруашылығына басшылық ету жөніндегі жұмыс практикасын кеңінен көрсетіп отыруға міндеттелсін.

2. Облыстық комитеттер, өлкелік комитеттер және одақтар республикалар компартияларының Орталық Комитеттері ауыл шаруашылығына басшылық ету әдістерін өзгертуге, колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылық етуге үстірт, бюрократтықпен қарауды тыюға, колхоздарға басшылық етудегі әжімшілікке тыйым салуға, аудандармен және колхоздармен байланысты күшейтуге, әрбір аудандағы істің жайын жақсы біліп отыруға міндеттелсін.

Партия мен үкметтің қарарларын орындау үшін және аудандарда ауыл шаруашылығының жайы үшін аудандық атқару комитеттерінің жауаптылығын бағып арттыру керек деп саналсын; колхоз, совхоз жұмысына және ауыл шаруашылығын дамытуда МТС-тердің өсіп отырған зор ролі еске алынсын, әсіресе МТС жұмысына аудандық атқару комитеттерінің тарапынан

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

Азық-түлік товарларының өнімін онан әрі арттыруды және олардың сапасын жақсартуды қамтамасыз ету мақсатымен ССОП Жоғарғы Советінің Президиумы, ССОП Министрлер Советінің ұсынуы бойынша, ССОП Женіл және тамақ өнеркәсіп министрлігінің балық, ет, сүт және тамақ өнеркәсіп орындары мен ұйымдарының негізінде ССОП Азық-түлік товарларының одақтық-республикалық өнеркәсіп министрлігін құрды.

Балық, ет, сүт, май жасау, сыр жасау, қант, нан пісіру, макарон, кондитер, консерві, тамақ-концентрат, спирт-арақ, шарап, сыра, чай, темекі парфюмерия-косметика, тұз өнеркәсіптерінің және өнеркәсіптің басқа салаларының кәсіпорындары мен ұйымдары ССОП Министрлер Советі бекіткен тізім бойынша, ССОП Азық-түлік товарларының өнеркәсіп министрлігіне берілді.

ССРО Азық-түлік товарларының өнеркәсіп министрі болып Василий Петрович Зотов жолдас тағайындалды.

Көпшілік тұтылатын өнеркәсіп товарларының өнімін онан әрі арттыруды және олардың сапасын жақсартуды қамтамасыз ету мақсатымен ССОП Жоғарғы Советінің Президиумы, ССОП Министрлер Советінің ұсынуы бойынша, ССОП Женіл және тамақ өнеркәсіп министрлігінің жеңіл өнеркәсіп орындары мен ұйымдарының негізінде ССОП Көпшілік тұтылатын товарлардың одақтық-республикалық өнеркәсіп министрлігін құрды. Мақта-мата, жүн, жібек, сығыр, бығары, аяқкиім, мех, трикотаж, тігін, шыны өнеркәсіп салалары мен жасанды волокна өнеркәсіп орындары мен ұйымдары ССОП Министрлер Советі бекіткен тізім бойынша, ССОП Көпшілік тұтылатын товарлар өнеркәсіп министрлігіне берілді.

ССРО Көпшілік тұтылатын товарлар өнеркәсіп министрі болып Алексей Николаевич Мосыгин жолдас тағайындалды.

Халықтың үнемі өсіп отырған тілектерін барынша толық қанағаттандыру үшін товар айналымын онан әрі өркендету, сауда ұйымдастыруды жақсарту мақсатымен ССОП Жоғарғы Советінің Президиумы, ССОП Министрлер Советінің ұсынуы бойынша, ССОП Ішкі және сыртқы сауда министрлігінің ішкі

7. Партия ұйымдары социалистік ауыл шаруашылығының өркендеуіне байланысты колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің мәдени тілектері өсіп отырғандығын есепке алуға тиіс, мұның өзі село халқының мәдени-тұрмыс жағынан қамтуға қамқорлықтың күшейтілуін керек етеді. Деревняда мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыс дәрежесін көтеру керек, клубтар мен кітапханалардың жұмысын күшейту керек, кинофильмдер үздіксіз көрсетіліп отыру керек, селоларды радиоландыру жұмысын күшейту керек және радиохабарларының сапасын жақсартып отыру керек. Партия ұйымдары селодағы емханалардың және балаларға арналған орындардың жұмысын, сонымен қатар сауда-кооперация ұйымдарының қызметін үздіксіз бақылап отыруға, халық тұтынатын барлық керекті товарлардың үздіксіз сағылуын қамтамасыз етіп отыруға тиіс.

ССРО Орталық Комитетінің Пленумы колхоз деревнясы еңбекшілерінің материалдық-мәдени тұрмыс дәрежесін арттыруға үнемі қамқорлық істеп отыру — барлық партия және совет ұйымдарының аса маңызды міндеті деп санайды.

Совет елі коммунизмге жететін жолмен сенімді түрде алға басып келеді. Коммунистік құрылыс программасының аса маңызды үздіксіз бір бөлігі — халық шаруашылығында жетекші күш болып табылатын социалистік индустрияның мықтап өсуі негізінде біздің елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау міндетін практика жүзінде орындау болып табылады. Кәсіргі жағдайларда бұл міндет біздің алдымызға ең керекті, бүкілхалықтық міндет болып қойылып отыр. Бұл міндетті ойдағыдай орындау жұмысын табы мен колхозшы шаруалардың одағы онан әрі нығайтуға да көмектеседі.

ССРО Орталық Комитетінің Пленумы барлық колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін ССОП ауыл шаруашылығы онан әрі өркендету міндеттерін орындау үшін барлық өз күштерін салуға және творчестволық инициативаны өрістеуге шақырады.

Коммунистік партияның басшылығымен жұмысшы табы, колхозшы шаруалар, біздің интеллигенция, барлық совет адамдары бұл міндетті ең қысқа мерзімде орындайды деп ССОП Орталық Комитетінің Пленумы берік сенеді.

сауда ұйымдары мен кәсіп орындарының негізінде ССОП одақтық-республикалық Сауда министрлігін құрды.

ССРО Сауда министрі болып ССОП Министрлер Советі Председателінің Орынбасары Анастас Иванович Миксюн жолдас тағайындалды.

Совет Одағының халықтық демократия елдерімен және басқа шетелдермен экономикалық байланыстарын онан әрі өркендету және сауда ісін жақсарту мақсатымен ССОП Жоғарғы Советінің Президиумы, ССОП Министрлер Советінің ұсынуы бойынша, ССОП Ішкі және сыртқы сауда министрлігінің сыртқы сауда ұйымдарының негізінде ССОП Сыртқы сауда министрлігін құрды.

ССРО Сыртқы сауда министрі болып Иван Григорьевич Кабанов жолдас тағайындалды.

Совхоздарда жоғары сапалы ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді онан әрі арттыру ісіне зор маңыз беріп, сонымен қатар, совхоздардың жұмысын негізінен жақсарту және оларды мол өнімді үлгілі социалистік шаруашылықтарға айналдыру мақсатымен ССОП Жоғарғы Советінің Президиумы, ССОП Министрлер Советінің ұсынуы бойынша, ССОП одақтық-республикалық Совхоздар министрлігін құрды, онан совхоздарды, жылқы заводтарын және басқа кәсіпорындар мен ұйымдарды ССОП Министрлер Советі бекіткен тізім бойынша берді, сонымен қатар РСФСР-да, Украин ССР-інде, Қазақ ССР-інде, Өзбек ССР-інде, Қырғыз ССР-інде, Азербайжан ССР-інде, Грузин ССР-інде, Белорусс ССР-інде, Литван ССР-інде, Латыш ССР-інде, Эстон ССР-інде және Барел-Фин ССР-інде Совхоздар министрліктерін құру қажет деп тапты.

ССРО Совхоздар министрі болып Алексей Иванович Козлов жолдас тағайындалды, ол ССОП Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігін міндетінен босатылды.

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрі болып Иван Александрович Бенедиктов жолдас тағайындалды.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.